

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 шілде N 856

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйелері мекемелерінің тұтынылған электр энергиясы үшін пайда болған берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен республикалық бюджетке салық төлемдері бойынша жалпы сомасы 18825 мың (он сегіз миллион сегіз жүз жиырма бес мың) теңге берешегі бар "электромонтаж" акционерлік қоғамының ведомстволық бағынысындағы ұйымдар арасындағы берешектеріне қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес біржолғы есептеме жүргізсін (1-қосымша).

Аталған соманы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерін қаржыландыру есебіне олардың тұтынылған электр энергиясы үшін энергия комбинаттары алдындағы берешектерін өтеуге есептелсін (2-қосымша).

2. Маңғыстау атом энергиясы комбинаты мен Жамбыл облыстық энергия комбинаты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің энергия комбинаттарына кредиттік берешектері сомасын энергия комбинаттарының "Электромонтаж" акционерлік қоғамына кредиттік берешегін өтеу

есебіне есептемеге алсын.

3. Берешектерді есептеу 1996 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша, аталған соманы республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 8 шілдедегі
N 856 қаулысына
1-қосымша

Республикалық бюджетке салық төлемдері бойынша Қазақстан
Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару

жүйесі мекемелерін қаржыландыру есебіне есептемеге
алынған берешектері бар ұйымдардың
Тізбесі

Ұйымдардың атаулары, салық төлемдерінің түрлері	Есептемеге жатқызылған сома, мың теңге
---	--

"Электромонтаж" акционерлік қоғамының Жамбылдағы монтаждау басқармасы, Жамбыл қаласы, барлығы	1200
оның ішінде	
заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы	1200

"Электромонтаж" акционерлік қоғамының Ақтаудағы мамандандырылған монтаждау басқармасы, Ақтау қаласы, барлығы	17625
оның ішінде	
қосылған құнға салынатын салық заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы	6280
Экономиканы қайта жаңғырту қоры	6680
кәсіпкерлік қоры	2055
	27

Жиынтығы	18825
----------	-------

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 8 шілдедегі
N 856 қаулысына
2-қосымша

"Электромонтаж" акционерлік қоғамына
қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің аталған
ұйымдар алдындағы берешегін өтеу есептемесіне
алынған берешегі бар ұйымдардың
Тізбесі

(мың теңге)

Материалдық құндылықтарды | Есептемеге | Берешектері бар
 беруші, қызмет көрсетуші | жататын | қылмыстық-атқару
 кәсіпорындар | берешек | жүйесінің мекемелері
 | _____
 | | ГМ-172/1 | ДЖ-158/1
 | | мекемесі | мекемесі

Маңғыстау атом энергия |
 комбинаты, Ақтау қаласы | 17625 17625

Жамбыл облыстық энергия |
 комбинаты, Жамбыл қаласы | 1200 1200

Барлығы | 18825 17625 1200